

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«КАЗАХСТАНСКИЙ ИНЖЕНЕРНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»



Құқықтық тәрбие беру
БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2020

ПРЕДИСЛОВИЕ

1 РАЗРАБОТАНО


Директор офис-регистратора
«01» 09 2020г.


Елемес Д.Д.

Директор департамента по
академическим вопросам
«01» 09 2020г.


Нахишманова М.Е.

Директор департамента по дистанционным
образовательным технологиям
«01» 09 2020г.


Дінісламулы Е.

2 СОГЛАСОВАНО

Проректор по учебной и научной работе
«01» 09 2020г.


Акпанбетов Д.Б.

Главный бухгалтер
«01» 09 2020г.


Абдраманова Г.Н.

Директор департамента по административно-
хозяйственной работе
«01» 09 2020г.


Байгараев Ж.А.

Директор департамента маркетинга,
карьеры, молодежной политики и
профориентационной работы
«01» 09 2020г.


Қоқжасарұлы Қ.

Директор департамента
информационных технологий
«01» 09 2020г.


Ғалымжанұлы А.

Начальник отдела кадров
«01» 09 2020г.


Мусаева А.Б.

Председатель комитета по делам молодежи
«01» 09 2020г.


Тасымова А.М.

3 УТВЕРЖДЕНО приказом Ректора КазИТУ №51-п от 01.09.2020г.

Решение Ученого совета Казахстанского инженерно-технологического университета,
протокол №1 от 28.08.2020г.

Бағдарлама атауы **ҚАЗАҚСТАН ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2016-2020 жылдарға
арналған ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Дайындаушы Әлеуметтік-гуманитарлық кафедра

Қағидасы заңды білу, құрметтеу, құқық бұзушылықтың алдын алу

Мақсаты

- патриот, кәсіби сауатты, мақсат қоя алатын, болашаққа сенімді жастарды тәрбиелеу.
- Конституциялық, азаматтық, әкімшілік, отбасылық, еңбек, қылмыстық құқық негіздерін қазіргі заман адамына қажетті жерінде сауатты пайдаланып, өмірінң сапасын арттыруға үйрету.
- азаматтық позициясын қалыптастыру,
- құқықтық мәдениетке тәрбиелеу;
- адамгершілік-моральді бейнесін қалыптастыру;
- құқық бұзушылықтың алдын алу;
- құқықтану бойынша мағлұмат беру;
- білімалушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында іс шаралар ұйымдастыру;
- Азаматтық, құқықтық қоғам қалыптасуында белсенділікке тарту.

Міндеттері

- Студенттің күнделікті тұмыс-тіршілігінің өзегіне құқықтық нормаларды қоя білуге баулу;
- Заңға құрмет сезімін қалыптастыру;
- Білімалушылардың арасында қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, тәртіптік құқық бұзушылықтың алдын-алу
- Студенттердің бос уақытын пайдалы өткізуді ұйымдастыру;
- Отанына деген құрметін күшейту, ертеңіне деген сенімін беріктендіру;
- қоғамда өмір сүруді құрметтеу

Тиімділігі

- Жастардың құқықтық сауаттылығының артуы;
- Азаматтық, құқықтық қоғам қалыптасуы
- құқықтық мәдениет қалыптасуы
- құқық бұзушылықтың алдын алуы
- заңға құрмет дағдысының пайда болуы

Кіріспе

Еліміз тәуелсіздігін алып, оңы мен солын танып, бары мен жоғын түгендеп жатқан тұста мемлекетіміздің қабылданған Конституциясы ел дамуының тұсбағдары болды десек қателеспейміз. Осы ретте, заңға да, арға да сүйену әр азаматтың парызы. Бүгінгі студент ертеңгі ел азаматы, мемлекеттің саясатын жүргізіп, заманның тыныш, ел іргесінің берік болуы жолында қызмет етуші тұлға. Бүгінгі тәлімгер - ертеңгі маман, ертеңгі отбасы тірегі, ертеңгі қоғамның белді мүшесі екені белгілі жайт. Ал оның жайы маған ғана емес, өз құқығын қорғай білетін, күнделікті тіршілігі мен жұмысы барысында заң бұзушылыққа жол бермеуі, өз жақындарын өмірде болмай қоймайтын келеңсіздіктердің қорғай білуі үшін ел заңын жете білгені жөн. Заңға сүйенудің және бұл ретте сауаттылық таныта білудің маңызы бүгінгі аумалы-төкпелі қоғамда аса қажет. Жоғары оқу орындарында «құқықтану» пәні жүргізіледі. Дәрістерде студенттерге құқықтың негізгі салалары бойынша жан-жақты мағлұмат беру маңызды. Бірақ, бір семестр барысында еліміздің заңдық, құқықтық базасын толық игерту мүмкін емес. Осы ретте, теориялық білімді байқау негізінде жетілдірудің пайдасы мол.

Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан - 2050" стратегиялық бағдарламасында әлемнің дамыған елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет деп көрсетті. Заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуға тиіс. Бұл мектеп, отбасы және қоғам жұртшылығының құқықтық тәрбие жұмысын жүргізудегі басты бағытының бірі - студенттердің арасында заң тәртібін бұзушылықтың алдын алу шараларын жүргізуге кең жол ашып отыр. Құқықтың мәселелерді сөз ету, оны тыңдаушысына жеткізіп бере білу аса қиын өнер. Бұған тек қана білімді болу жеткіліксіз, сонымен бірге тәжірибелі, көпті көрген, адамдардық жүрегіне барар кілтті таба білер тәрбиеші болуы маңызды.

Студенттердің өмірі тұлғаның азаматтық

қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершілігі, дүниетіңімы, сенімдері, ұжымшылдығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға таләп қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстамдылығы, жігерлілігі мен батылдығы қалыптасады.

Бұлардың мазмұнына мемлекет заңдары және қоғамда өмір сүру ерекшеліктерін құрметтеу, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзімсіздік, қоғамдық тәртіпті сақтау да енеді.

«Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанатының І-съезінде Н.Ә. Назарбаев «мемлекеттік жастар саясаты жастарға елдің тең құқықты, тек өздерінің өмірдегі жетістіктерін ойламай, жақындарын, елін, Отанмен қастерлейтін азаматтар болуға мүмкіндік беру керек» деді. Бұл мақсаттар ҚР Президентінің «Қазақстан азаматтарына патриоттық тәрбие беру мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығында бекітілген.

Құқықтың тәрбие беру студенттің жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады.

Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау - ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр Студенттің санасын дамыту:

- құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады

Ата Заңымызға сәйкес, құқықтық мемлекет құру жолында келе жатқан елімізде мұндай игі қадамдар біртіндеп жүзеге асырыла бергені жөн. Ол заңнаманы білу, сыйлау, құрметтеу сынды құндылықтардан тұратын құқықтық мәдениетімізді дамыту қадамдары болып саналады.

Заң бойынша жастардың осы тобының мәртебесі елеулі өзгерістерге ұшырайды. 18 жастан кәмелеттік кезеңі басталады. Жастардың сайлау және сайлану, өз мүлкіне толық дербес иелік ету, неке қатынастарына

тұру, қалыпты еңбек қызметімен айналысқан кезде тиісті материалдық жауапкершілік құқығы пайда болады.

2015 жылдың 9-шы ақпанында Мемлекеттік жастар саясаты туралы жаңа заң қабылданып, бекітілген болатын. Бұл заң мемлекеттік жастар саясаты саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін бірден-бір нормативтік құжат болып табылады. Бұл заңның негізгі мақсаты: жастардың толыққанды рухани, мәдени білім алып, кәсіби жағынан және тұлға ретінде дамуына, шешімдер қабылдау процесіне қатысуына жағдайлар жасау.

Негізгі міндеттері:

- 1) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 2) жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту;
- 3) азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту болып табылады.

Құқықты құрметтеу, әділдікті, жауапкершілікті, заңдылықты, сезіну - адам тұлғасының жоғарыдан көрінуі болып табылады. Заңдылықты сезіну құқықтық мәдениеттің құрамы екендігін түсіну қиын емес дей келе, заңды білмеу - құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Құқықтық мәдениет жастардың жан-жақты болуы.

Жоғары оқу орнындағы құқық курсы осы талаптардың бәріне сай келуге тиіс. Жоғарғы оқу орындарында құқықтық материалды неғұрлым терең игеру және нақтылай түсу үшін: "Мамандандырудың құқықтық мәселелері және оның неғұрлым көкейкесті проблемалары", "Ғылыми-техникалық процесті құқықтық қамтамасыз ету" және т.б. арнаулы курстар көзделгені жөн. Курс тек лекциялық дәрістерден тұрмауға тиіс, ол міндетті түрде семинарлар мен практикалық сабақтар болуын көздеуге, компьютерлер мен бейнетехниканы қолдана отырып "іскер ойындар" нысанында, студенттермен жеке жүргізілетін жұмыстың сан алуан нысандарында жүзеге асырылуға тиіс. Студенттердің құқықтық курстар проблематикасы бойынша курс жұмысын жазу мүмкіндігі болуға тиіс.

Студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың сөзсіз шарты олардың аудиториядан тыс тиісті сабақтарға қатысуы, өздігінен білім алуы және әлеуметтік-құқықтық белсенділіктің өзге де нысандары болып табылады.

Құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады. Қоғамдағы тәртіпсіздік пен қылмыстың көзі - маскүнемдік. Азғындықтың құзына итермелейтін жағдайлардың алғышарты осыдан басталады. Жастар арасында бұл теріс құбылыстың орын алып отырғаны жасырын емес.

Құқықтың тәрбиенің бір ұшы жыныстық тәрбиеге де байланысты екені даусыз. Көңілі сүйген адамына үйлену, отбасы құрау, бала сүю және оны бағып-қағуға қамқорлық, айырылысқан жағдайда балаларға жәрдем көрсету - бәрі де жастардың жете түсінуін, ұғынуын қажет ететін заңдар мен міндеттер. Қазіргі студент - ертеңгі маман, өндіріс жетекшісі, басшы. Демек, кәсіптік оқу орнын тәмамдаған оған кәсіби мамандықпен қатар құқықтың тәрбие де білу керек.

Құқықтың тәрбие тура жолмен жүруге үйрететін әділеттілік әдістеріне сүйенеді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар-ұятына жүгінеді. Оқушы өзінің айналасындағы адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қала бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбіне көп құқықтың тәрбиені бұзуына әкеліп соқтырады.

Заңды білмеу — құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Бұл жерде оқушы заң және құқықтық мәдениет ұғымын шатастырмау керек. Құқықтық мәдениет оқушыдан жан-жақты құқықтық білімдерді талап етеді.

Іс-шаралар:

- **ЖАСТАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРУ.** ҚазИТУ-дың «әлеуметтік-гуманитарлық» кафедрасында «құқық» пәнінің оқытушылары арқылы ұйымдастыру

- **САЙТ АРҚЫЛЫ ЖҰМЫС ІСТЕУ.**

«Сіз сұраңыз – жауап береміз» атты рубрикада жастарды толғандыратын құқықтық сұрақтарға жауап беруді ұйымдастыру

ХАБАРЛАНДЫРУ. ҚазИТУ-дың оқу порталы – білім алушылар, оқытушылар, ата-аналар, жұмыс берушілер және университет әкімшілігі үшін Интернеттің жұмыс істеу аймағы болып табылады. ҚазИТУ-дың сайты арқылы жаңа қабылданған Заңдар туралы және қоғамда болып жатқан өзгерістерді әрқашан жариялап отыру:

- **«Жастар арасындағы құқықтық мәдениет»** атты дөңгелек үстел өткізу. Студенттердің өзін-өзі

құқықтық тәрбиелеуге және құқықтық мәдениетке бет бұруы, адамзат баласының адамгершілік моральді бейнесін қалыптастыру, құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында жылына үш реттен «Жастар арасындағы құқықтық мәдениет» атты дөңгелек үстел өткізуді ұйымдастыру.

- Жатақханалар мен оқу дәрісханаларында Жастардың студенттік бастамашылықтарын қолдау Қорын құру

- Діндік экстремизмге, темекі тартуға, нашақорлыққа, диванттық тәртіпке қарсы жастар акциясын өткізу

- Халықаралық, Республикалық және облыс көлеміндегі пікірталас турнирлеріне қатысу

- Студенттерді ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру

- «Оқытушы студент көзімен» атты сауалнама және т.б. мониторингтік зерттеулер өткізу

- **ӨЗ ҚҰҚЫҒЫНДЫ БІЛЕСІҢ БЕ?**

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫСЫ. Байқаудың

тақырыбы : «Өз құқығыңды білесің бе?»

Ата заңға арқа тіреген қоғамда қай кезде де тұрақтылыққа, тәртіптілікке негіз бар. Еліміздегі кез-келген құқықтық қатынаста азаматтардың өз құқықын қорғай алмауы заңды жете білмегендіктен болып жатады. Осы келеңсіздіктердің алдын алып, студенттеріміздің заңи сауатын ашу мақсатында «Өз құқығыңды білесің бе?» атты білім сайысын ұйымдастыру дәстүрге айналды.

Мақсаты: Мемлекетіміздің тәуелсіздігіне, ұлтымыздың тағдырына ие болатын жастарды тәрбиелеу.

Білімділік: Конституциялық, азаматтық, әкімшілік, отбасылық, еңбек, қылмыстық құқық негіздерінен қазіргі заман адамына ең қажеттерін іріктеп ала білуге үйрету.

Тәрбиелік: Студенттерді жаңа тақырыпты талқылауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, ой өрісін, ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру.

Дамытушылық: Заңды сыйлайтын тұлғаны қалыптастыру.

Жоғары оқу орындарында «құқықтану» пәні жүргізіледі. Дәрістерде студенттерге құқықтың негізгі салалары бойынша жан-жақты мағлұмат беру маңызды. Бірақ, бір семестр барысында еліміздің заңдық, құқықтық базасын толық игерту мүмкін емес.

Осы ретте, теориялық білімді байқау негізінде жетілдірудің пайдасы мол. Біріншіден, студенттер мұндай байқауларға қатысу арқылы өз білімдерін кеңейтуге мүмкіндік алады. Бұған қоса, байқауды көрушілер мен жанкүйер болып келген студенттердің өздері бірнеше сабаққа тұздық болар тақырыптарды қамтып, көптеген қажетті деректерге қанығып қайтады.

Байқау жеңімпаздарын анықтап, білім сайысын бағалау үшін арнайы шақырылған білікті мамандар мен университет басшылығы және оқытушы, профессорлар құрамы анықтайды. Жыл сайын бұл сайысқа Алматы қалалық соты, Алматы қалалық мамандандырылған қаржылық соты, Әділет басқармасы, Алматы қалалық прокуратурасы, ҚР адвокаттар қауымдастығы, ҚР кәсіпкерлер қауымдастығы мен ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығы сияқты құзырлы органдар мен «Нұр Отан» ХДП және «Жас Отан» жастар қанатының өкілдері шақырылып, қатысады және сайыскерлердің біліміне баға береді.

Байқау шарты: Байқауға студенттер мамандықтары немесе курстары бойынша бірігіп, қатысады. Сайыс 3 турдан тұрады. Бірінші тур: командалар сайысы. Екінші тур: іріктеу сайысы. Үшінші тур: капитандар сайысы.

1 тур шарты: Командалар жеребе таңдайды. Бірдей санды жеребе таңдаған командалар бір –бірімен білім таластырады. Жүргізуші әр командаға үш сұрақ қояды, 4-ші сұрақты қарсылас команда қойылым ретінде бір-біріне қояды. Қойылым 2,5 минуттан аспау керек. Әділ қазылар алқасы лайық деп тапқан командалар 2 турға өтеді.

2 тур шарты: Жеңген алты команда жеребе таңдап, бір-бірімен білім сайыстырады. Жүргізуші әр командаға 5 сұрақ қояды. Жеңген үш команда үшінші турға өтеді.

3 тур шарты: Жеңген үш команданың топбасшылары экрандағы ұяшықтардағы санды (10,20,30 т.б) таңдап, сонда берілген сұрақтарға жауап береді. Дұрыс жауап ұяшық нөміріне сәйкес бағаланады.

Ең көп балл жинаған команда жеңімпаз деп танылады. Балл санына қарай 1,2,3 орынға ие болады. Сонымен қатар белсенді қатысушылар «Көрермендер көзайымы», «Жеңіске деген құштарлығы» және «Белсене қатысқаны үшін» деген аталымдар бойынша

